

Еңбек мобильділігі орталықтары (мансап орталықтары) жұмыскерлерінің кәсіптік құзыреттілігін аттестаттаудан өткізу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2024 жылғы 5 қарашадағы № 422 бұйрығы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 18 ақпандағы №81 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 98-1) тармақшасына сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:

1. Еңбек мобильділігі орталықтары (мансап орталықтары) жұмыскерлерінің кәсіптік құзыреттілігін аттестаттаудан өткізу қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Халықты жұмыспен қамту департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрі*

С. Жакупова

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрі
2024 жылғы 5 қарашадағы
№ 422 бұйрығына
қосымша

Еңбек мобильділігі орталықтары (мансап орталықтары) жұмыскерлерінің кәсіптік құзыреттілігін аттестаттаудан өткізу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Еңбек мобильділігі орталықтары мен мансап орталықтары жұмыскерлерінің құзыреттілігін аттестаттауды өткізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 18 ақпандағы № 81 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 98-1) тармақшасына сәйкес әзірленді және еңбек мобильділігі орталықтары мен мансап орталықтары жұмыскерлерін аттесттаудан өткізу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) аттестатталушы – осы Қағидаларға сәйкес аттестаттауға қатысатын еңбек мобильділігі орталығының немесе мансап орталығының жұмыскері;

2) аттестаттау – еңбек мобильділігі орталығы немесе мансап орталығы жұмыскерінің кәсіптік құзыреттілік деңгейін, оның ішінде біліктілік санатын беру (растау) немесе атқаратын лауазымына сәйкестігін растау мақсатында біліктілікті арттыру қорытындылары бойынша айқындау рәсімі;

3) біліктілік санаты – орындалатын жұмыстардың күрделілігін көрсететін, жұмыскердің біліктілігіне қойылатын талаптар деңгейі;

4) еңбек мобильділігі орталығы – жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларын әзірлеу және іске асыру мақсатында астананың, облыстың және республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы құратын заңды тұлға;

5) еңбек мобильділігі орталығының (мансап орталығының) жұмыскері (бұдан әрі – жұмыскер) – "Халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту ұйымдарының басшылары, мамандары және басқа да қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің міндетін атқарушының 2017 жылғы 25 қазандағы № 360 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16057 болып тіркелген) сәйкес біліктілік талаптарына (бұдан әрі – біліктілік сипаттамалары) сәйкес келетін еңбек мобильділігі орталығында (мансап орталығында) кәсіптік қызметті жүзеге асыратын маман не басшы;

6) еңбек мобильділігі орталықтары (мансап орталықтары) жұмыскерлерінің біліктілігін арттыру ұйымы (бұдан әрі – біліктілікті арттыру ұйымы) – Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 16-бабының 2-тармақшасына сәйкес жергілікті атқарушы органдар мен еңбек мобильділігі орталықтары (мансап орталықтары) мамандарының біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын Еңбек ресурстарын дамыту орталығының құрылымдық бөлімшесі;

7) еңбек мобильділігі орталықтары (мансап орталықтары) жұмыскерлерінің үздіксіз кәсіптік дамуының онлайн-платформасы (бұдан әрі – Платформа) – еңбек мобильділігі

орталығы (мансап орталығы) жұмыскерінің біліктілігін арттыру және оны онлайн режимде аттестаттау мүмкіндігін қамтамасыз ететін цифрлық жүйе;

8) Еңбек ресурстарын дамыту орталығы – Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша уәкілетті мемлекеттік органның жанынан құрылатын, еңбек нарығын ақпараттық-талдамалық сүйемелдеуді, жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын, жұмыспен қамту қызметтерін әдіснамалық қолдауды, әлеуметтік-еңбек саласының бірыңғай цифрлық жүйесін дамытуды және сүйемелдеуді қамтамасыз ететін заңды тұлға;

9) жеке оқу жоспары – міндетті түрде өту керек оқу курстарын (модульдерін) қамтитын күнтізбелік жылға арналған еңбек мобильділігі орталығы (мансап орталығы) жұмыскерінің құзыреттерін дамыту жоспары;

10) кәсіптік стандарт – "Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу" кәсіптік стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2024 жылғы 19 маусымдағы № 200 бұйрығымен бекітілген "Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу" кәсіптік қызмет саласында білімге, машыққа, дағдыларға, формалды және (немесе) формалды емес және (немесе) информалды білім беруді ескере отырып, жұмыс тәжірибесіне, біліктілік пен құзыреттілік деңгейіне, мазмұнға, сапа мен еңбек жағдайларына қойылатын жалпы талаптарды белгілейтін жазбаша ресми құжат;

11) мансап орталығы – астанада, республикалық және облыстық маңызы бар қалаларда, аудандарда оның функцияларын орындауды жүзеге асыратын еңбек мобильділігі орталығының филиалы;

12) уәкілетті мемлекеттік орган – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халықты әлеуметтік қорғау саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының қызметін реттеуді, бақылау функцияларын жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

13) халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы орган – халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту саласындағы бағыттарды айқындайтын астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органы.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 12.06.2026 № 240 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі); 24.02.2026 № 73 (11.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

3. Еңбек мобильділігі орталықтарының (мансап орталықтарының) жұмыскерлерін аттестаттау кемінде үш жылда бір рет өткізіледі.

4. Еңбек мобильділігі орталығына және мансап орталығына алғаш рет қызметке кірген жұмыскерлер атқаратын лауазымына сәйкестігі бойынша бастапқы аттестаттаудан бір жыл ішінде, бірақ лауазымға орналасқанынан бастап 6 (алты) айдан ерте емес мерзімде өтеді.

5. Еңбек мобильділігі орталығына (мансап орталығына) алғаш рет қызметке кірген мамандарға бастапқы аттестаттаудан өткенге дейін "санатсыз" біліктілік санаты беріледі.

6. Еңбек мобильділігі орталығының (мансап орталықтарының) келесі жұмыскерлері аттестаттауға жатпайды:

1) атқаратын лауазымында алты айдан аз жұмыс істегендер;

2) жүкті әйелдер;

3) жүктілігі және босануы бойынша демалыста немесе бала күтімі бойынша демалыста немесе жаңа туған баланы (балаларды) асырап алған жұмыскерлер үшін демалыста жүргендер жұмысқа шыққаннан кейін он екі айдан ерте емес;

4) оқу демалысындағылар.

7. Мансап орталықтарының құрылымдық бөлімшелерінің (бөлімдерінің, секторларының) мамандарына біліктілік санаттары үш жыл мерзімге беріледі.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 12.09.2025 № 271 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Еңбек мобильділігі орталықтарының (мансап орталықтарының) жұмыскерлерін аттестаттаудан өткізу тәртібі

1-параграф. Аттестаттауды өткізу бойынша жұмысты ұйымдастыру

8. Аттестаттау:

1) еңбек мобильділігі орталықтарының (мансап орталықтарының) жұмыскерлерін тестіледі;

2) біліктілік санатына өтініш берген кезде мансап орталықтары мамандарының кәсіптік қызметін бағалауды қамтиды.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 12.09.2025 № 271 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Еңбек мобильділігі орталығы Платформада осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша алдағы аттестаттауға арналған аттестатталушылардың тізімін қалыптастырады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 12.09.2025 № 271 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Қажет болған жағдайда еңбек мобильділігі орталығы аттестатталушылардың тізімін түзетеді:

1) жұмыскердің ұзақ уақытқа (екі айдан аспайтын) еңбекке қабілеттілігін жоғалтуы;

2) жұмыскердің жүктілігі және босануы бойынша демалыста немесе бала күтімі бойынша демалыста немесе жаңа туған баланы (балаларды) асырап алған жұмыскерлер үшін демалыста болуы;

3) жұмыскердің шетелде қызметтік іссапарда болуы.

11. Тестілеу мерзімдерін қамтитын еңбек мобильділігі орталықтарының (мансап орталықтарының) жұмыскерлерін алдағы аттестаттау туралы хабарландыру уәкілетті мемлекеттік органның және біліктілікті арттыру ұйымының ресми интернет-ресурстарында жарияланады.

12. Еңбек мобильділігі орталығының (мансап орталығының) жұмыскеріне Платформадағы жеке кабинетінде аттестаттаудан өту мерзімі, қолжетімділігі, мәртебесі көрсетіледі.

2-параграф. Тестілеуді өткізу тәртібі

13. Еңбек мобильділігі орталықтарының (мансап орталықтарының) жұмыскерлерін тестілеу пайдаланушылардың мінез-құлқын бақылау, хаттамалау және бағалау үшін бағдарламалық қамтуды (прокторинг жүйесін) ақылы негізде пайдалана отырып, Платформада электрондық форматта жүргізіледі.

14. Тестілеуге:

1) Платформада оқытудың жеке жоспарында айқындалған сағат санында біліктілікті арттыру курстарынан өткен еңбек мобильділігі орталығының (мансап орталығының) жұмыскері;

2) біліктілік санатына өтініш берген кезде мәлімделген біліктілік санатының бейіні бойынша Платформада біліктілікті арттыру курстарынан өткен мансап орталығының маманы жіберіледі.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 12.09.2025 № 271 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Тестілеуге тапсырмаларды (сұрақтарды) әзірлеуді және Платформада орналастыруды біліктілікті арттыру ұйымы жүзеге асырады.

16. Тестілеу 100 (жүз) тапсырмадан (сұрақтан) тұрады, оның ішінде:

50 (елу) сұрақ – біліктілік сипаттамалары мен кәсіптік стандартта көзделген нормативтік құқықтық актілерді білуге арналған;

50 (елу) сұрақ – біліктілік сипаттамалары мен кәсіптік стандартқа сәйкес еңбек функциялары мен лауазымдық міндеттерін орындау үшін қажетті білім, дағдылар мен машықтарды меңгеруге арналған.

17. Тестілеу нәтижесі шекті деңгейге жеткенде оң деп саналады:

1) алғашқы аттестаттау кезінде еңбек мобильділігі орталығының (мансап орталығының) жұмыскері үшін – 70%;

- 2) біліктілік санатына өтініш берген кезде мансап орталығының маманы үшін – 70% ;
- 3) құрылымдық бөлімшенің басшысы, директордың орынбасары, директор үшін – 85%;
- 4) еңбек мобильділігі орталығының маманы, мансап орталығының ассистенті үшін – 70%.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 12.09.2025 № 271 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Қағидалармен танысу уақытын есепке алмағанда тестілеуден өту ұзақтығы 120 (жүз жиырма) минутты құрайды.

19. Тестілеуді тапсыру мерзіміне қарамастан аттестатталушылардың мінез-құлқын бақылау, хаттамалау және бағалау үшін бағдарламалық қамтумен анықталған қағидаларды бұзу фактісі анықталған жағдайда нәтижелердің күші жойылады.

20. Тестілеу нәтижесі аяқталғаннан кейін компьютер экранында және Платформадағы еңбек мобильділігі орталығы (мансап орталығы) жұмыскерінің жеке кабинетінде көрсетіледі.

21. Тестілеу нәтижесімен келіспеген жағдайда еңбек мобильділігі орталығының (мансап орталығының) жұмыскері әрбір тапсырма (сұрақ) бойынша негізделген дәлелдемелерді (толық түсіндірмені) көрсете отырып, Платформа арқылы апелляцияға өтінішті екі жұмыс күнінен кешіктірмей береді.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 12.09.2025 № 271 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. Апелляциялық комиссия құрамын ұйым дербес қалыптастыратын және айқындайтын біліктілікті арттыру ұйымы басшысының бұйрығымен құрылады.

23. Апелляциялық комиссия дауыс беру құқығы жоқ хатшыны қоспағанда, Комиссия төрағасын, комиссия мүшелерін қоса алғанда, мамандардың тақ санынан тұрады.

24. Апелляциялық комиссияның шешімі өтініш келіп түскен күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірілмей еркін нысанда хаттамамен ресімделеді және платформада орналастырылады.

25. Апелляция келесі жағдайларда қаралады:

1) тест тапсырмаларының мазмұны бойынша:

дұрыс жауаппен келіспегенде;

дұрыс жауап жоқ болғанда;

тапсырма қате болғанда;

2) техникалық себептер бойынша:

тапсырмаларда фрагмент немесе мәтін жоқ болғанда;

бағдарламалық қамту қатесі пайда болғанда.

26. Апелляция нәтижелері бойынша Платформада еңбек мобильділігі орталығы (мансап орталығы) жұмыскерінің жеке кабинетінде апелляцияны ескере отырып тестілеу нәтижелері көрсетіледі.

27. Тестілеу нәтижелері бойынша осы Қағидалардың 17-тармағында белгіленген шекті деңгейден төмен балл жинаған аттестатталушы:

1) "санатсыз" біліктілік санаты бар мамандарды қоспағанда, біліктілік санатына өтініш берген кезде қолданыстағы біліктілік санатынан бір деңгейге төмен біліктілік санаты берілуге жатады;

2) он екі айдан кешіктірмей қайта аттестаттауға жатады;

3) біліктілік санатына өтініш берген кезде кәсіби қызметті бағалау кезеңіне жіберілмейді.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 12.09.2025 № 271 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

28. Қайта аттестаттауға қатысатын және тестілеу нәтижелері бойынша белгіленген шекті деңгейден төмен балл жинаған аттестатталушы:

1) "мансап консультанты", "кейс-менеджер", "тәлімгер" біліктілік санаты бар мамандарды қоспағанда, біліктілік санатына өтініш берген кезде не еңбек мобильділігі орталығына (мансап орталығына) алғаш рет қызметке кірген жұмыскерлер, мансап орталығының ассистенттері, еңбек мобильділігі орталықтарының мамандары, құрылымдық бөлімшелердің басшылары, директорлардың орынбасарлары, директорлар атқаратын лауазымына сәйкестігін растаған кезде жұмыстан шығаруға жатады;

2) "санатсыз" біліктілік санаты бар мамандарды қоспағанда, біліктілік санатына өтініш берген кезде қолданыстағы біліктілік санатынан бір деңгейге төмен біліктілік санаты берілуге тиіс.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 12.09.2025 № 271 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-1-параграф. Мансап орталығы маманының кәсіби қызметін бағалау тәртібі

Ескерту. 2-1-параграфпен толықтырылды – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 12.09.2025 № 271 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

28-1. Тестілеу нәтижелері бойынша осы Қағидалардың 17-тармағында белгіленген шекті деңгейді жинаған мансап орталығының маманы тестілеу кезеңі аяқталған күннен кейін 2 (екі) күнтізбелік күн ішінде осы Қағидаларға 1-2-қосымшаға сәйкес кәсіптік қызметті бағалаудан өтеді.

3-параграф. Біліктілік санатын беру (растау) және атқаратын лауазымына сәйкестігін растау тәртібі

29. Біліктілік санатын беру (растау) немесе атқаратын лауазымына сәйкестігін растау біліктілік сипаттамаларына сәйкес біліктілік санатының өту мерзімдері мен реттілік қағидатын сақтай отырып жүзеге асырылады.

30. Тестілеу нәтижелері бойынша Платформада мынадай шешімдердің бірі қалыптастырылады:

1) алғашқы аттестаттау кезінде еңбек мобильділігі орталығының (мансап орталығының) жұмыскері бойынша:

атқаратын лауазымына сәйкес келеді – 70 және одан жоғары балл;

атқаратын лауазымына сәйкес келмейді – 69 және одан аз балл;

2) біліктілік санатына өтініш берген кезде мансап орталығының маманы бойынша:

мәлімделген біліктілік санатына сәйкес келеді – 85 және одан жоғары балл;

мәлімделген біліктілік санатына сәйкес келмейді – қолданыстағы біліктілік санатына сәйкес келеді – 70-тен 84 балға дейін;

мәлімделген біліктілік санатына сәйкес келмейді – мәлімделген деңгейден төмен біліктілік санатына сәйкес келеді – 69 және одан төмен балл;

3) құрылымдық бөлімшенің басшысы, директордың орынбасары, директор бойынша:

атқаратын лауазымына сәйкес келеді – 85 және одан жоғары балл;

атқаратын лауазымына сәйкес келмейді – 84 және одан аз балл;

4) еңбек мобильділігі орталығының маманы, мансап орталығының ассистенті бойынша:

атқаратын лауазымына сәйкес келеді – 70 және одан жоғары балл;

атқаратын лауазымына сәйкес келмейді – 69 және одан аз балл.

Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 12.09.2025 № 271 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

31. Біліктілікті арттыру ұйымы тестілеу аяқталған күннен кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде астананың, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органдарына осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша еңбек мобильділігі орталықтары (мансап орталықтары) жұмыскерлерінің тестілеу нәтижелері туралы мәліметтерді жібереді.

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 12.06.2026 № 240 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

32. Еңбек мобильділігі орталықтары (мансап орталықтары) жұмыскерлерінің тестілеу нәтижелері туралы мәліметтерді алғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде

астананың, облыстың және республикалық маңызы бар қаланың халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органы:

1) еңбек мобильділігі орталықтарының (мансап орталықтарының) жұмыскерлерін тестілеу нәтижелері туралы мәліметтер негізінде біліктілік санатын беру (растау) немесе атқаратын лауазымының сәйкестігі туралы шешім қабылдайды;

2) еңбек мобильділігі орталығының (мансап орталығының) жұмыскеріне осы Қағидаларға 3-қосымшаға немесе 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша куәлік береді;

3) осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша еңбек мобильділігі орталықтарының (мансап орталықтарының) жұмыскерлеріне біліктілік санатын беру (растау) немесе атқаратын лауазымының сәйкестігі туралы ақпаратты уәкілетті мемлекеттік органға жібереді.

Ескерту. 32-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 12.06.2026 № 240 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

33. "Мәлімделген біліктілік санатына сәйкес келмейді" деген шешім қабылданған кезде аттестатталушы үшін қолданыстағы біліктілік санаты оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін сақталады.

34. Біліктіліктің орта деңгейінен біліктіліктің жоғары деңгейіне өту кезінде мансап орталығы маманының қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін "санатсыз", "мансап консультанты" біліктілік санаты сақталады.

Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 12.09.2025 № 271 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Еңбек мобильділігі орталықтары
(мансап орталықтары)
жұмыскерлерінің кәсіптік
құзыреттілігін аттестаттаудан
өткізу қағидаларына
I-қосымша
Нысан

Еңбек мобильділігі орталықтарының және/немесе мансап орталықтарының аттестатталатын жұмыскерлерінің тізімі

№	Т.А.Ә. (бар болса)	Аттестаттау рәсімі	Жұмыс орны	Лауазымы	Халықты әлеуметтік қорғау немесе жұмыспен қамту жүйесіндегі жұмыс өтілі	Қолданыстағы біліктілік санаты (бар болса)

Еңбек мобильділігі
орталықтары (мансап
орталықтары) жұмыскерлерінің
кәсіптік құзыреттілігін

Мансап орталығы маманының кәсіби қызметін бағалау критерийлері

Ескерту. 1-2-қосымшамен толықтырылды – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 12.09.2025 № 271 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 24.02.2026 № 73 (11.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

№	Критерий	Көрсеткіштер*	Балдар	Сараптама комиссиясының балдары
1	Тестілеу	максималды деңгей – 100%	ең көп балл саны – 80	автоматты түрде қойылады
2	Мансап орталығының қызмет алушыларының бағалауы негізінде қалыптастырылған рейтинг	соңғы 12 айда 5-тен 4-тен жоғары	10 балл	автоматты түрде қойылады
		соңғы 12 айдағы 5-тен 3,9-ға тең немесе одан төмен	0 балл	
3	Қызмет көрсету кезінде цифрлық жүйеде тіркелген бұзушылықтар мен қателер	соңғы 12 айда бұзушылықтардың болмауы	10 балл	автоматты түрде қойылады
		соңғы 12 айда бұзушылықтардың болуы	0 балл	

* Көрсеткіштерге қол жеткізу аттестаттау арасындағы кезеңде ескеріледі.

Еңбек мобильділігі орталықтарының
(мансап орталықтарының)
жұмыскерлерінің кәсіптік
құзыреттілігіне аттестаттау
жүргізу қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Еңбек мобильділігі орталықтары (мансап орталықтары) жұмыскерлерінің тестілеу нәтижелері туралы мәліметтер

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 12.06.2026 № 240 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№	Астана, облыс және республикалық маңызы бар қала	Жұмыс орны	ТАӘ (ол болған жағдайда)	Лауазымы
1	2	3	4	5

кестенің жалғасы

Аттестаттау рәсімі	Тестілеу балдары	Тестілеу нәтижелері бойынша шешім
6	7	8

Еңбек мобильділігі орталықтары
(мансап орталықтары)
жұмыскерлерінің кәсіптік
құзыреттілігін аттестаттаудан
өткізу қағидаларына
3-қосымша
Нысан

Біліктілік санатын беру туралы куәлік

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 12.06.2026 № 240 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

_____ шешімімен
(астананың, облыстың және республикалық маңызы бар қаланың халықты
әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті
атқарушы органы)
20 ____ жылғы " ____ " _____,

_____ (ТАӘ (ол болған жағдайда))
атқаратын лауазымына сәйкес келеді _____
(лауазымның атауы)
Куәліктің қолданылу мерзімі 20 ____ жылғы " ____ " " ____ " .
Басшы _____
(ТАӘ (ол болған жағдайда), қолы)
М.О.
Берілген орны _____
(қала, облыс)
Күні 20 _____ жылғы " ____ " " ____ "

Еңбек мобильділігі орталықтары
(мансап орталықтары)
жұмыскерлерінің кәсіптік
құзыреттілігін аттестаттаудан
өткізу қағидаларына
4-қосымша
Нысан

Атқаратын лауазымына сәйкестігі туралы куәлік

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 12.06.2026 № 240 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

_____ шешімімен
(астананың, облыстың және республикалық маңызы бар қаланың халықты
әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті
атқарушы органы)

20 ____ жылғы " ____ " _____,

(ТАӘ (ол болған жағдайда))
атқаратын лауазымына сәйкес келеді _____

(лауазымның атауы)

Куәліктің қолданылу мерзімі 20 ____ жылғы " ____ " " ____ ".

Басшы _____

(ТАӘ (ол болған жағдайда), қолы)

М.О.

Берілген орны _____

(қала, облыс)

Күні 20 ____ жылғы " ____ " _____

Еңбек мобильділігі орталықтары
(мансап орталықтары)
жұмыскерлерінің кәсіптік
құзыреттілігін аттестаттаудан
өткізу қағидаларына
5-қосымша
Нысан

Еңбек мобильділігі орталықтарының (мансап орталықтарының) жұмыскерлеріне біліктілік санатын беру (растау) немесе атқаратын лауазымының сәйкестігі туралы ақпарат

№	ЖСН	Аттестатталушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Білімі	Лауазымы
1	2	3	4	5

кестенің жалғасы

Біліктілік санатын беру туралы куәліктің деректері*		Атқаратын лауазымына сәйкестігі туралы куәліктің деректері*	
Біліктілік санаты	Берілген күні	Атқаратын лауазымына сәйкестігі	Растау күні
6	7	8	9

*Ескертпелер: еңбек мобильділігі орталығының (мансап орталығының) жұмыскері алған куәліктің түріне сәйкес толтырылады

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК